

## Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2024 жылғы 4 қыркүйектегі № 104 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 8-бабының 2-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы шешті:

1. Қосымшаға сәйкес Кеден одағы Комиссиясының "Кедендік құжаттарды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауыштар туралы" 2010 жылғы 20 қыркүйектегі №378 шешіміне өзгерістер енгізілсін.

**2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.**

*Еуразиялық экономикалық комиссия  
Алқасының Төрағасы*

*Б. Сағынтаев*

Еуразиялық экономикалық  
комиссия Алқасының  
2024 жылғы 4 қыркүйектегі  
№ 104 шешіміне  
ҚОСЫМША

## Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешіміне енгізілетін ӨЗГЕРІСТЕР

1. Құжаттар мен мәліметтер түрлерінің сыныптауышында (8-қосымша):

а) 9-бөлім 09045 коды бар позициядан кейін мынадай мазмұндағы позициямен толықтырылсын:

"09046

Электрондық сауда тауарларына арналған декларация";

б) 11-бөлімдегі 11003 және 11004 кодтары бар позициялар мынадай редакцияда жазылсын:

"11003	Декларант басшысының (не тауарларға декларация берілгенге дейін тауарларды шығару туралы өтініш берген тұлғаның басшысының, не кедендік баждарды, салықтарды төлеу жөніндегі міндетті орындауды қамтамасыз ету сертификатын ұсынған тұлғаның басшысының) немесе кеден өкілі басшысының өкілеттіктерін куәландыратын құжат
11004	Декларанттың (не тауарларға декларация берілгенге дейін тауарларды шығару туралы өтініш берген адамның, не кедендік баждарды, салықтарды төлеу жөніндегі міндетті орындауды қамтамасыз ету сертификатын ұсынған адамның) немесе кеден өкілінің атынан іс-әрекеттер жасауға жұмыскердің

2. 2.4-кіші бөлімде өндіріп алу кеден органдарына жүктелген салықтар, алымдар және өзге де төлемдер түрлерінің сыныптауышы (9-қосымша):

а) 2.4.5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2.4.5. Этил спиртінің көлемдік үлесі 9 пайыздан асатын алкоголь өніміне акциз (сыраны, шараптарды (нығайтылған (ликерлі) шараптан басқа), құйылған шараптарды, жеміс шараптарын, жеміс-жидек алкоголь өнімін, шымырлы шараптарды қоспағанда, сондай-ақ тағамдық шикізаттан өндірілген ректификатталған этиль спиртін қоспай және (немесе) спиртелген жүзім немесе өзге де жеміс ашымағын қоспай және (немесе) дистилляттар қоспай және (немесе) күшейтілген (ликер) шарабын қоспай дайындалатын шарап сусындарын, құрамында жүзім бар сусындарды, жеміс алкогольдік сусындарды қоспағанда):

этил спиртінің 9 пайыздан асатын және қоса алғанда 18 пайызға дейінгі көлемдік үлесі бар алкоголь 4110 өніміне акциз

этил спиртінің көлемдік үлесі 18 пайыздан асатын алкоголь өніміне акциз 4170";

б) 2.4.7-тармақ мынадай мазмұндағы позициямен толықтырылсын:

"Күшейтілген (ликер) шарапқа, күшейтілген құйылмалы шарапқа акциз 4390".

3. 1-бөлім, тауарлардың орналасқан жерлерінің сыныптауышы (24-қосымша) 60 коды бар позициядан кейін мынадай мазмұндағы позициялармен толықтырылсын:

"61	Электрондық сауда операторының үй-жайы, ашық алаңы және өзге де аумағы
62	Тауарларды декларациялайтын электрондық сауда операторынан ерекшеленетін басқа электрондық сауда операторының үй-жайы, ашық алаңы және өзге де аумағы".

4. Жол көлік құралдары маркаларының сыныптауышы (26-қосымша) 742 коды бар позициядан кейін мынадай мазмұндағы позициялармен толықтырылсын:

"743	KAIYI
744	ZEEKR
745	EXEED
746	BAIC
747	GAC
748	HAVAL
749	HONGQI
750	JAECOO
751	JETOUR
752	LI AUTO

753	LIVAN
754	OMODA
755	ORA
756	TANK
757	VGX
758	VOYAH".

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ